



Автор: СМАГУЛОВА ГУЛЬЖАЗИРА ГИНЯТОВНА

Пән: Қазақ әдебиеті


Сынып: 8-сынып

Бөлім: Көркем әдебиет және эпикалық сарын

Тақырып: Қасірет пен қасиет

Оқу мақсаттары	Тарихи және көркемдік құндылығы. Заманауилығы және жаңашылдығы.
Сабақ мақсаты	Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру.
Бағалау критерийлері	Барлық оқушылар істей алады: - поэманың тақырыбы мен идеясын талдайды; - материалдық және рухани құндылықтардың аражігін ажыратып, анықтайды. Көпшілігі: - мазмұны ұқсас шығармалармен салыстырады; - құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады. Кейбірі: - мазмұндас шығармалармен салыстырып, құндылықтарға баға береді; - құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға береді.
Осының алдындағы оқу	М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басы (10 мин)	Оқушылар 4 топқа бөлініп отырады Мұғалім сабақ тақырыбын айтпас бұрын, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдатады. Оқушылар күйді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. - Оқушылар, нені естідіңдер? Бұл күй сендерге қандай ой салды? - Қандай сезімде болдыңдар? - Бұл күйдің үйге оқуға берілген шығармамен қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар? - Ендеше, сендермен аққу деген қандай құс екенін биологиялық тұрғыдан анықтап көрейік. (Биология, «Жануарлар» бөлімі, Құстар класы, Жүзетін құстар, Аққулар) Оқушылар аққу туралы мәліметті оқиды, жұппен тұжырым жасайды. - Аққу құсының қандай қасиетін байқадыңдар? - Аққулар жұбымен жүреді.	https://www.youtube.com/watch?v=qNHPKUyaUfl  type unknown https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/zhanuarlar-alemi/qustar-klasy/lesson/zhuzezin-qustar

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы (20 мин)	С. Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасынан үзінді тыңдатылады. Үзіндінің мазмұны туралы ой өрбітеді. Кешікпеді, шоқ қамыстан, Жасыл ұшқын жарқ етті. Ақ түтінмен оқ қамыстан, Бұрқ атылды, шаңқ етті! Кім бүйтті екен, көлді жарып? Суық жүрек, шіркін-ау! Айна көлді оқпен қарып, Соққандай ғып көктен жай! Тапсырма Мұғалім оқушыларға екі шығармадағы ортақ тақырыпты талқылауды тапсырады. (Оқушыларға алдын ала С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасымен танысып келуді тапсыру керек) Талқылау сұрағы Екі шығармадағы «қасиет пен қасірет» арасындағы тартыс бейнеленген үзінділерді белгілеңдер. Аққу құстың киелілігіне қатысты қандай ой түйдіңдер? Аққуды неліктен атуға болмайды? Бағалау критерийі Дескриптор Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады Екі шығармадағы ортақ тақырыпты талқылайды Екі шығармадағы құндылықтарды анықтайды Пікірлерін шығармадан мысал келтіріп дәлелдейді. Оқушылар постер жасау арқылы жұмыстарын қорғайды. Қалыптастырушы бағалау Дескриптор арқылы бағалау. Тапсырмаға берілген дескрипторларды оқушылар басшылыққа алып, бірін-бірі бағалайды. Тапсырма Оқушылар берілген мәліметтерді шығармамен байланыстыра отырып сөйлейді. Аққу – дәстүрлі қазақ қоғамында киелі саналатын құс. Аққудың байырғы түркі халықтарында тотемдік мәні болған. Аққуды киелі құс ретінде қазақтар ежелден қастерлеп, «құс төресіне» оқ атпаған. Оны атқан адамды оның киесі ұрады деп есептеген.«Аққу» күйі «Аққу» биі «Аққу» жұлдызы«Аққуды атуға болмайды», «Аққу –құс падишасы», «Ақ десең – қаз да ақ, бірақ аққу емес», «Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас», «Сүйріктей аққу мойын». Бағалау критерийі ДескрипторШығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады, баға жаңашылдығына береді. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды салыстырады Берілген пікірлерді келтіріп ойың дәлелдейді. Екі шығармаға әдеби сын айтады. Қалыптастырушы бағалау «Бағдаршам» әдісі арқылы. Оқушылар бағдаршам түсіне сәйкес өз-өзін бағалайды. Мұғалім оқушылардың бағалауына қарай білімдерін жетілдіру немесе тексеру керек деген оқушыларды бақылауы керек. Тапсырма Оқушылардың алған білімдерін толықтыру және тексеру мақсатында «bilimland» бойынша тапсырма мен тест сұрақтары беріледі. 1-топ: bilimland 1-тапсырма, кейіпкерлерге мінездеме береді Кейіпкеріс-әрекеті Мінезі	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/saken-sejfullin-aqqudying-ajyryluy-poehmasy https://bilimland.kz/kk/courses/audiochrestomathy/8-synyp/poezhiya/lesson/2-m-maqataev-aqqular-ui-yqtahanda-ehpilog# https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqahali-maqataev-aqqular-ujyqtahanda 5db7fba61b914.jpg Image not found or type unknown https://itest.kz/kz/ent/kazak-adebieti

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Соңы	Рефлексия «Қызық. Қиын. Құнды» Жапырақ бөлімдеріне осы шығарманы оқу барысында біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, ой қорытайық. Үй тапсырмасы: Шығармаға поэтикалық талдау, шығарма авторына сұрақ дайындау.	Стикер
Қосымша ақпарат	Саралау - сіз көбірек қолдауды қалай көрсете аласыз? Барынша қабілетті оқушыларға сіз қандай тапсырмаларды беретін боласыз? РАФТ Бағалау - сіз ілгері басуды/оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыстар, денсаулық және техника қауіпсіздігі, АҚТ қолдау. Құндылықтармен байланыс. Биология, ұлттық салт-дәстүр	